

БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ

КЕЛІСІМ ШАРТ №1

Астана қаласы

«01» қыркүйек 2023 жыл

Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласы, «Дарын» № 2 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты», Жарғы негізінде әрекет ететін директоры **Шамуратова Рысжан Шерниязқызы** тұлғасында, бұдан әрі «Дарын» № 2 Личей-интернаты» деп аталып, бір тараптан «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы - Ректор Тиреуов Канат Маратович бұдан әрі мәтін бойынша «Университет» деп аталатын екінші жағынан, (бұдан әрі «Тараптар»), бірлесіп білім сапасын көтеру мұғалімдердің біліктілігін арттыру, кәсіптік бағдар беру, сонымен қатар түрлі деңгейдегі бірлескен іс-шаралар өткізу үшін төмендегідей келісім шарт жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1 Осы Шарт балалар мен жасөспірімдерді оқыту және тәрбиелеу саласындағы білім беру мекемелері арасындағы өзара іс-қимылдың негізгі бағыттарын айқындайды және мынадай мақсаттарды белгілейді:

1) бірлескен жобаларды іске асыру үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасау;

2) сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру бағыттары бойынша:

- кәсіптік бағдар беру (бейіналды) қызметі;

- патриоттық тәрбие;

- волонтерлік қызметті дамыту;

- тарихи және мәдени алмасу;

3) білім беру бағдарламалары мен жобаларын іске асыру, тәжірибе алмасу:

- екі оқу орны педагогтарымен студенттері және оқушылармен бірлескен ынтымақтастықты орнату, кездесулер, мамандықтар жәрмеңкесіне қатысу т.б

- денешынықтыру сабақтарын икемді кестемен келісілген уақытта Университеттің

Потанин көшесі 16/1 мекен жайы бойынша орналасқан спорт кешенін қолдану;

4) Балалар мен жасөспірімдерді оқытуға және сауықтыруға өзара жәрдемдесу:

- (салауатты өмір салтын насихаттау;

- бірлескен мәдени-ағарту іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.

1.2. Тараптар бірлескен міндеттерді шешуде жобаларды іске асыруда консультациялар мен көмек көрсетуге, ақпарат алмасуды жүзеге асыруға, практикалық жобаларға және заңнамаға қайшы келмейтін бірлескен қызметтің басқа да түрлеріне қатысуға уағдаласты.

1.3. Егер Тараптардың бірі ұсыныстарға мұқтаж болмаса, егер Тараптың тиісті шамада қатысуға мүмкіндігі болмаса, Тараптардың ұсыныстардан бас тартуға құқығы бар.

1.4. Тараптардың бірлескен қызметі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және осы Шарт негізінде құрылады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Тараптардың құқықтары:

- тараптар осы Шартқа қатысты шешімдерді қабылдауға тең дәрежеде қатысуға құқылы. Бұл ретте шешім, егер оны тараптардың әрқайсысы қабылдаса, қабылданды деп есептеледі;

- әрбір тарап бірлескен жобаларды жүргізу жөніндегі барлық құжаттамамен танысуға құқылы.

2.2. Тараптардың міндеттемелері:

- осы шартта қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті барлық материалдарды бір-біріне ұсыну;

- оқушыларға, ата-аналарға, педагогтарға, әкімшіліктерге жобаларды іске асыру мәселелері бойынша қажетті ақпарат беру;

- келісімде көзделген кез келген бірлескен жұмыстарды орындау процесінде де алынған ақпаратты пайдалану кезінде де баланың құқықтарын қорғау басымдығын қамтамасыз ету;

- бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

- тараптар бірлесіп немесе жеке өткізетін іс-шаралар туралы ақпараттық материалдарды таратуға көмек көрсетуді жүзеге асыру;

- денешынықтыру сабақтарының өткізілуіне ықпал ететін спорт ғимараттарында келісілгендей икемді график құра отырып, балалардың қауіпсіздігін ескере отырып, ұйымдастыру;

- тараптар бірлескен қызмет процесінде белгілі болған құпия мәліметтерді жария етпеуге міндеттенеді;
- тараптардың бірлескен іс-шараларды өткізу кестесін берілетін спорт алаңдарда өткізілетін сабақтар мен іс-шаралардың кестесін келісуге міндетті;
- тараптар білім алушылардың педагогтармен бірге жүруін қамтамасыз етеді, іс-шаралар өткізу кезінде белгіленген тәртіптерді сақтайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШЛІГІ

3.1. Тараптар осы Келісім шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

4. ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

4.1. Барлық қажетті ағымдағы мәселелер Тараптардың басшылары деңгейінде келісіледі және шешіледі.

4.2. Осы келісім шарт шеңберіндегі бірлескен қызметке басшылық жасау; Тараптардың жауапты орынбасарларға жүктеледі, олар бірлескен іс-шаралар мен бағдарламалар туралы басқа қатысушыларды үнемі хабардар етіп отырады.

4.3. Тараптардың бірлескен қызметі коммерциялық емес және өтеусіз болып табылады.

5. БАСҚА ДА ШАРТТАР

5.1. Осы келісім шарт екі Тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және ол қойылған мақсаттарға жауап бергенге және Тараптардың бірі бұзғанға дейін екі жыл бойы жарамды болады.

5.2. Егер келісім шарттың біреуі оның аяқталуына 30 күнтізбелік күн қалғанға дейін шарттық қатынастарды тоқтату ниеті туралы жазбаша мәлімдемесе, шарттың қолданылуы тағы бір жылға ұзартылады. Келісім шарттың қолданылу мерзімін ұзарту саны шектелмеген.

5.3. Осы келісім шарт жасалған шарттар тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

5.4. Осы келісім шарт екі данада - әрбір тарап үшін бір-бірден жасалды. Екі дананың да бірдей заңды күші бар.

6. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ:

Университет:	Дарын:
«Сәкен Сейфуллин атындағы агротехникалық зерттеу университеті» АҚ Астана қаласы, Жеңіс даңғылы 62	Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының №2 «дарын» облыстық мамандандырылған «мектеп-лицей-интернаты» КММ Астана қаласы, А. Затаевич көшесі, 14 үй
Басқарма төрағасы, Ректор	Директор
Тиреуов К.М.	Исмухаметова Р.Ш.

